




Іскерлік белсенділік индексі

2025 Ақпан

2025 жылғы ақпанда өндірістегі көрсеткіштің өсуіне байланысты іскерлік белсенділік жақсарды.

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ) динамикасы*



* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), ал 50-ге тең болса – өзгеріс жоқ дегенді білдіреді.


Іскерлік белсенділік индексі 2025 жылдың ақпан айында 51,3 болды.

Іскерлік белсенділік өндіріс пен қызмет көрсету секторында өскені байқалады. Онда индекс теріс аймақтан оң аймаққа өтіп, сәйкесінше **54,0** және **50,6** құрады (қаңтарда – 49,9 және 49,7). Саудада іскерлік белсенділік өзгеріссіз қалды (**51,6**), ал құрылыста **50,3**-ке дейін баяулады (қаңтардағы 51,0-ден). Осылайша, іскерлік белсенділік тек тау-кен өнеркәсібінде нашарлады. Онда көрсеткіш төмендеу аймағында қалып, **48,5** құрады (қаңтарда – 49,8). Өндірістегі көрсеткіш жаңа тапсырыстардың, жаңа өнімдердің және жұмыспен қамту деңгейінің айтарлықтай артуына байланысты өсті.

График 2. Ақпан айындағы өңірлер бойынша ИБИ

13 өңірде іскерлік белсенділік жақсарып, 7 өңірде нашарлады.


Индекстің ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (58,1), ең төменгі мәні Шығыс Қазақстан облысында (43,2) тіркелді.



Бизнес-ахуал индексі

Ақпан айында бизнес жүргізудің қазіргі және келешек шарттарын бағалау деңгейі төмендегеніне қарамастан, көрсеткіштер оң қалпында қалды. Бизнес-ахуал индексі төмендеп, 9,4 құрады.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*




* Қазіргі және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – бизнес-ахуалдың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өніміне/қызметіне сұраныс артты.

Ақпан айында экономикада сұраныстың өсу қарқыны артқаны байқалды, ал құрылыста ол баяу жүрді. Ең жоғары өсім өндірісте тіркелді.

Респонденттер инфрақұрылымның өзгеруіне біршама оң баға берді, қалған факторларды (бизнесті қорғау мәселесі, салық жүктемесі және қаржыға/несиеге қолжетімділік) теріс бағалады, әсіресе, салық жүктемесі мен бизнесті қорғау мәселелерін бағалау көрсеткіші нашарлады.

График 4. Секторлардағы сұраныстың өзгеру динамикасы (ЖТ)*



* Сұранысты бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады. Ол – сұраныстың өзгерісіне қатысты сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекс мәні 0-ден жоғары болса – ахуалдың жақсарғанын, төмен болса – нашарлағанын білдіреді.


2025 жылдың ақпан айында бизнес-цикл «сағатының» көрсеткіші өсу аймағында қалды.

Қазіргі бизнес-ахуалды бағалау көрсеткіші айтарлықтай төмендеп, 2,3 құрады.

Алдағы 6 ай бойынша келешек бизнес-ахуал бағасы да біршама төмендеді (16,8).

**Бизнес-цикл «сағаты» берілген уақытта экономиканың циклдің қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін қазіргі ахуалды (Х осі бойынша) және келешек ахуалды (Ү осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.*

График 5. Бизнес-цикл «сағаты»



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

¹ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындар арасында ай сайын жүргізілетін сауалнама нәтижесіне сай дайындалды.

² Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлы-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімі сияқты кәсіпорындар көрсеткішінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

³ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады. Ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлес қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

⁴ Бизнес-ахуал индексін (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес осы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

⁵ ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлесі арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Жауаптардың үлесі салмақтана отырып есептеледі.

⁶ Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл «сағаты» – бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі). Олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса – экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса – онда экономика өсу фазасында т. с. с.

⁷ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

⁸ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

⁹ Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (сұрыптау туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.